

Г.Б. Тастекова¹, Р.Ж. Байдалы^{2*}, Г.З. Балгабаева³

¹тарих магистрі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай, e-mail: tastekova.guldana@gmail.com

²PhD, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай, e-mail: rbaidali@mail.ru

³ т.ғ.к., қауымдастырылған профессоры,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан, Қостанай, e-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru

МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР АСПЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау жолында белсенді қызмет атқарған Алаш қозғалысының қайраткері Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі жан-жақты талданады. Зерттеу нысаны ретінде оның «Қазақ», «Ақ жол» газеттері мен «Шолпан» журналында жарияланған мақалалары алынып, публицистикалық мұрасы саяси-тарихи контекст аясында қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Мырзағазы Есполов публицистикасының қалыптасу кезеңдерін, тақырыптық бағыттарын және қоғамдық ойды қалыптастырудағы рөлін айқындау. Мақалада Есполовтың публицистикалық қызметі хронологиялық тұрғыдан жүйеленіп, оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметімен сабақтастырыла талданады. Зерттеу барысында Мырзағазы Есполовтың 1915-1917 жылдары «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларында жер мәселесі, әлеуметтік теңсіздік, ағарту ісі, Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында тылға алынған қазақ жігіттерінің ахуалы сияқты өзекті мәселелер көтерілгені көрсетіледі. Сонымен қатар мақалада Есполовтың 1917 жылы Земгор жанындағы бұратана бөліміндегі қызметімен байланысты жарияланымдары қарастырылып, оның сол уақыттағы қызметі мен баспасөздегі жарық көрген материалдарының өзара тығыз байланысы айқындалады. Мырзағазы Есполовтың мақала жазу кезінде қолданған бүркеншік аттары туралы мәселе мақалада арнайы қарастырылып, ғылыми тұрғыдан талданады. Зерттеудің маңызды бөлігі Мырзағазы Есполовтың Ташкент қаласындағы қызмет кезеңіне арналған. Бұл уақытта ол Түркістан Жер-су халық комиссариаты мен Түркістан Орталық Атқару Комитеті жүйесінде қызмет атқара отырып, жер-су мәселесі, аграрлық саясат және мал шаруашылығын дамытуға арналған талдамалық мақалалар жариялайды. Осы кезеңде оның публицистикасында ресми-аналитикалық сипат күшейіп, авторлық дискурстың қалыптасқаны анықталады.

Кілт сөздер: М. Есполов, публицистика, «Қазақ» газеті, «Ақ жол» газеті, «Шолпан» журналы.

Г.Б. Тастекова¹, Р.Ж. Байдалы^{2*}, Г.З. Балгабаева³

¹магистр истории, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы,
Казахстан, Костанай. e-mail: tastekova.guldana@gmail.com
<https://orcid.org/0009-0007-9403-7611>

²PhD, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы,
Казахстан, Костанай. e-mail: rbaidali@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-8497-8430>

³к.и.н., ассоциированный профессор,
Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы,
Казахстан, Костанай. e-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-0146-8126>

ПУБЛИЦИСТИКА МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОЛОВА КАК ОДИН ИЗ АСПЕКТОВ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье всесторонне проанализирована публицистика деятеля Алаш Мырзагазы Есполова, который активно выступал в защиту национальных интересов казахского народа в начале XX века. Объектом исследования являются его статьи, опубликованные в газетах «Қазақ», «Ақ жол» и журнале «Шолпан», публицистическое наследие которых рассматривается в политико-историческом контексте. Основная цель исследования – определение этапов становления, тематических направлений и роли публицистики Мырзагазы Есполова в формировании общественной мысли. Кроме этого в статье анализируется публицистическая деятельность Есполова с хронологической систематизацией и связью с его общественно-политической и государственной деятельностью. В ходе исследования определено, что в статьях Мырзагазы Есполова, опубликованных в газете «Қазақ» в 1915-1917 гг., освещались такие актуальные проблемы, как земельные вопросы, социальное неравенство, просвещение, состояние казахских парней, реквизируемых на тыловые работы в годы Первой мировой войны. В статье также рассматриваются публикации Есполова, связанные с его деятельностью в 1917 году в инородческом отделе при Земгоре, и определяется тесная взаимосвязь его деятельности и опубликованных материалов. Особый интерес представляет научно-обоснованный тезис о псевдонимах Мырзагазы Есполова, использованных им при написании статей. Важная часть исследования посвящена периоду деятельности Мырзагазы Есполова в Ташкенте. В это время он публикует аналитические статьи по земельно-водным вопросам, аграрной политике и развитию животноводства, работая в системе Туркестанского Народного Комиссариата земледелия и Туркестанского Центрального Исполнительного комитета. В этот период в его публицистике усиливается официально-аналитический характер и определяется формирование авторского дискурса.

Ключевые слова: М. Есполов, публицистика, газета «Қазақ», газета «Ақ жол», журнал «Шолпан».

G.B. Tastekova¹, R.Zh. Baidaly^{2*}, G.Z. Balgabaeva³

¹Master of History, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay.

e-mail: tastekova.guldana@gmail.com

²*PhD, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay.
e-mail: rbaidali@mail.ru*

³*Candidate of Historical Sciences, Associate Professor,
Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kazakhstan, Kostanay.
e-mail: balgabaeva.gauhar@mail.ru*

MYRZAGAZY ESPOLOV'S JOURNALISM AS ONE OF THE ASPECTS OF SOCIO-POLITICAL ACTIVITY

Abstract

The article comprehensively analyzes the journalism of the activist Alash Myrzagazy Espolov, who actively advocated for the national interests of the Kazakh people in the early XX century. The object of the research is his articles published in the newspapers "Kazak", "Ak Zhol" and the magazine "Sholpan", the journalistic legacy of which is considered in a political and historical context. The main purpose of the research is to determine the stages of formation, thematic areas and the role of Myrzagaza Espolov's journalism in the formation of public thought. In addition, the article analyzes Espolov's journalistic activities with chronological systematization and connection with his socio-political and state activities. The study determined that Myrzagazy Espolov's articles published in the newspaper "Kazak" in 1915-1917 highlighted such topical issues as land issues, social inequality, education, and the condition of Kazakh boys who were requisitioned for logistical work during the First World War. The article also examines Espolov's publications related to his activities in 1917 in the foreign department at Zemgor, and identifies the close relationship between his activities and published materials. Of particular interest is the scientifically based thesis on the pseudonyms of Myrzagazy Espolov, used by him when writing articles. An important part of the study is devoted to the period of Myrzagazy Espolov's activity in Tashkent. During this time, he published analytical articles on land and water issues, agrarian policy and livestock development, working in the system of the Turkestan People's Commissariat of Agriculture and the Turkestan Central Executive Committee. During this period, the official analytical character of his journalism intensified and the formation of the author's discourse was determined.

Keywords: M. Espolov, journalism, newspaper «Kazakh», newspaper «Ak zhol», magazine «Sholpan».

Кіріспе. XX ғасырдың басы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және рухани өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алған күрделі кезең болды. Осы тарихи жағдайда қазақ зиялылары ұлттық мүддені қорғаудың, қоғамдық ойды қалыптастырудың және халықты ағартудың негізгі құралдарының бірі ретінде мерзімді баспасөзді кеңінен пайдаланды. Публицистика сол кезеңде қоғамдық сананы оятудың, өзекті әлеуметтік-саяси мәселелерді талқылаудың және ұлттық идеяны таратуының маңызды тетігіне айналды.

Осы тұрғыдан алғанда, Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі ерекше назар аударуды қажет етеді. Мырзағазы Есполов – XX ғасырдағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, Алаш қозғалысының қайраткері. Революцияға дейін Минск қаласындағы Земгор (Бүкілресейлік земство және қалалық одақтардың армияны жабдықтау жөніндегі бас комитеті) жанындағы бұратана бөлімінде қызмет атқарған. 1918-1919 жж. Алаш-Орданың Торғай бөлімшесінің Әскери кеңесінің төрағасы болды. Сондай-ақ азаматтық соғыс жылдарында Алаш милициясын құру мен қалыптастыру ісіне белсене қатысты [1, 815-829 бб.]. Мырзағазы Есполов өз заманындағы өзекті мәселелерге белсенді түрде үн қосып, қазақ баспасөзінде жарияланған мақалалары арқылы қоғамдық пікір қалыптастыруға атсалысты. Қайраткердің публицистикалық мұрасы оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметімен

тығыз байланысты бола отырып, қазақ қоғамындағы аграрлық, әлеуметтік және басқару мәселелерін түсіндіру мен талдауға бағытталды.

Сонымен бірге, М. Есполовтың публицистикалық қызметі ғылыми әдебиетте жеткілікті қарастырылмаған. Осыған байланысты оның публицистикалық еңбектерінің жарияланған орны мен тарихи контекстіне қарай қарастыру ғылыми тұрғыдан өзекті болып табылады.

Аталған мақалада Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі екі негізгі кезең аясында талданады: біріншісі – оның Алаш қозғалысы кезеңінде «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары, екіншісі – Ташкент қаласында қызмет атқарған жылдарындағы публицистикалық мұрасы. Мұндай құрылым автор публицистикасының мазмұндық және әдіснамалық эволюциясын көрсетуге, сондай-ақ оның қоғамдық ойдағы орнын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – Мырзағазы Есполов публицистикасының қалыптасу кезеңдерін, тақырыптық бағыттарын және қоғамдық ойды қалыптастырудағы рөлін айқындау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу барысында төмендегі міндеттер қойылды:

- Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметінің негізгі кезеңдерін айқындау;
- «Қазақ» газетіндегі жарияланымдарының тақырыптық және идеялық мазмұнын талдау;
- Ташкент кезеңіндегі («Ақ жол», «Шолпан» басылымдары) мақалалардың ерекшеліктерін анықтау;
- Автордың публицистикалық мәтіндеріндегі негізгі проблемаларды (жер мәселесі, әлеуметтік саясат, аграрлық реформалар) саралау.

Материалдар мен әдістер. Тарихи дерек көзі ретінде ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында жарық көрген ұлттық баспасөз «Қазақ», «Ақ жол» газеттерінің, «Шолпан» журналының материалдары пайдаланылды. Аталған басылымдарда Мырзағазы Есполов белсенді түрде мақалаларды шығарды. Сонымен қатар жазба дереккөзі ретінде ғылыми басылымдар мен құжаттық жинақтардың материалдары пайдаланылды, ғалымдардың тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектерінің материалдарына сілтемелер жасалынды. 2022 жылы жарыққа шыққан «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» жинағынан маңызды мәліметтер алынды.

Зерттеу барысында тарихи деректерді сыни тұрғыдан талдау қағидаттары басшылыққа алынды. Әсіресе авторлықты анықтау, мәтіндердің мазмұндық және хронологиялық сәйкестігін салыстыру мәселелерінде деректанулық сын әдістері қолданылды. Бүркеншік атпен жарияланған мақалаларды анықтау кезінде биографиялық мәліметтер, тақырыптық бағыт, мәтіндердің стилистикалық және әдіснамалық ерекшеліктері кешенді түрде қарастырылды. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, зерттеу тарихилық және жүйелілік қағидаттарына негізделеді. Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі нақты тарихи кезеңнің әлеуметтік-саяси жағдайымен тығыз байланыста қарастырылды. Сонымен қатар салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әртүрлі кезеңдерде жарияланған мақалалар арасындағы мазмұндық және идеялық сабақтастық анықталды. Мәтіндерді талдау барысында контент-талдау және дискурстық талдау элементтері қолданылды. Бұл тәсілдер публицистикалық мәтіндердегі негізгі тақырыптарды, аргументация тәсілдерін және авторлық ұстанымды айқындауға мүмкіндік берді. Осы әдістер мен дереккөздер кешені Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметін оның қоғамдық-саяси және кәсіби қызметімен өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау. Мырзағазы Есполовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тарихын зерттеуге арналған еңбектерде белгілі бір деңгейде көрініс тапқанымен, оның публицистикалық мұрасы арнайы нысан ретінде кешенді түрде қарастырылған жоқ. Алаш қозғалысының тарихына арналған еңбектерде қазақ зиялыларының мерзімді баспасөздегі қызметі ұлттық идеяны қалыптастырудың маңызды факторы ретінде бағаланады. Бұл зерттеулерде «Қазақ» газетінің қоғамдық-саяси рөлі, оның негізгі авторлары мен идеялық бағыты жан-жақты сипатталады. Алайда Мырзағазы

Есполовтың осы басылым-дағы мақалалары көбіне жалпы авторлар қатарында ғана аталып, олардың мазмұны мен ерекшеліктері арнайы талдауға түспеген.

Қазақ мерзімді баспасөзі мен публицистикасының тарихы Б. Кенжебаев [2], Қ. Бекхожин [3], Қ. Атабаев [4], Ү. Субханбердина [5], Н.О. Омашев [6], С. Смағұлова [7], Ж. Нұсқабайұлы [8] еңбектерінде кеңінен талданғанымен, бұл зерттеулерде Есполовтың публицистикалық қызметі жалпы ұлттық баспасөз үдерісі аясында ғана аталып өтеді немесе жекелеген тақырып-тар контекстінде қарастырылады. Осыған байланысты Мырзағазы Есполовтың публицистикасы кешенді әрі мақсатты ғылыми талдауды қажет ететін өзекті зерттеу нысаны болып қала береді.

Мырзағазы Есполов жайлы деректерде оның тегі әр түрлі нұсқада Есполов, Есболов, Испулов, Исполов, Еспулов түрінде кездеседі. Бірінші нұсқа қазақ тілінің орфоэпиялық ал, екінші нұсқа орфографиялық ережелеріне сай келеді. Ол өз тегін қазақ тіліндегі құжаттарда Есполов, Есболов қолданса, орыс тіліндегі құжаттарда Испулов деп қолданған. Мысалы, «Қазақ» газетіне мақалаларын жариялағанда М. Есболов, Есполов немесе Мырзағазы деп жазған.

Мырзағазы Есполов 1891 жылы бұрынғы Торғай облысы Қостанай уезі Аманқарағай болысының №4 Жолдыбай ауылында дүниеге келген. Қазіргі Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылы. Алғашқы білімін Мырзағазы Есполов Әуликөлдегі екі кластық қазақ-орыс училищесінде алады. Оқуын жақсы нәтижемен аяқтағаннан соң, білімге құштарлығы осымен тоқталмай, 1910 жылы Орынбор қаласындағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебіне оқуға түседі [9].

Оқуда жүрген кезде Петербург қаласында жарық көрген «Мусульманская газета» басылымында «Вопль в степи» мақаласын жариялайды [10, 2-3 бб.]. Сол мақаланың жарияланғаны туралы, сондай-ақ аталған жарияланымға байланысты редакцияға 400 сомға айыппұл қолданылғанын тергеу материалдарында атап өтеді [11, 474 б.]. Көрсетілген мақала «Степняк» деген бүркеншік атпен басылған, бұл XX ғасырдың басындағы анонимді және псевдонимдік публицистикаға тән кең тараған тәжірибеге сәйкес келеді. Сонымен бірге қазақстандық тарих ғылымында «Степняк» бүркеншік аты Алихан Бөкейхановпен тұрақты түрде байланыстырылады. Осыған байланысты Есполовтың «Вопль в степи» мақаласын еске алуы оның авторлығына тікелей дәлел ретінде қарастырылмайды, керісінше, бүркеншік атпен жарияланған мақаланың авторлығын айқындау мәселесін өзекті етіп, қосымша деректанулық талдауды талап етеді.

«Вопль в киргизской степи» мақаласы XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-саяси публицистиканың проблемалық-әшкерелеуші бағытындағы үлгілерінің бірі болып табылады. Мақала атауының өзі мәтіннің эмоционалдық реңкін айқындап, қоғамдық наразылықты бейнелейтін «жан айқайы» метафорасы арқылы қазақ даласындағы күрделі әлеуметтік жағдайды жинақтап көрсетеді. Жанрлық тұрғыдан алғанда, мақалада: публицистикалық очерк, әлеуметтік шағым, отаршылдық әкімшілік тәжірибеге қарсы бағытталған саяси памфлет элементтері тоғысады. Мақаланың мазмұндық өзегін қазақ халқының отарлық басқару жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық күйзелісі құрайды. Автор бұл ахуалды келесі факторлармен байланыстырады:

Біріншіден, Ресей империясының жер саясаты;

Екіншіден, қоныс аудару қозғалысының күшеюі;

Үшіншіден, жергілікті әкімшілік тарапынан орын алған әділетсіздік пен заңсыздық;

Төртіншіден, байырғы халықтың құқықтық қорғалмауы.

Мақалада жердің қоныстанушыларға бөлінуі көшпелі шаруашылықтың экономикалық негіздерін әлсіретіп қана қоймай, тұтас әлеуметтік дағдарысқа алып келгені көрсетіледі. Сонымен қатар ресми билік тарапынан қабылданған шешімдердің жергілікті жағдай мен халықтың тұрмыс-тіршілігін ескермей жүзеге асырылғаны сынға алынады. Осы тұрғыдан алғанда, мақаладағы «жан айқайы» ұғымы жекелеген әлеуметтік топтың наразылығын емес, далалық қоғамның жинақталған үнін білдіреді. Мақаланың мазмұны оны тек мұсылман қауымына ғана емес, Ресей империясының ауқымды қоғамдық-саяси кеңістігіне бағытталған

мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Петербургте шығатын басылымда жариялануы мақаланың саяси салмағын арттырып, қазақ даласындағы жер мәселесін жалпыимпериялық деңгейде көтеруге бағытталғанын көрсетеді. Автор қазақ даласындағы әлеуметтік дағдарысты жергілікті сипаттағы құбылыс емес, мемлекеттік маңызы бар мәселе ретінде таныстыруға ұмтылады.

Оқуды аяқтағаннан кейін Мырзағазы Есполов Қостанай уезінің Забеловский 2-сыныптық училищеге мұғалім қызметіне тағайындалады. 1916-шы жылы қарашада Мырзағазы Есполов қызметтен шығып, «Қазақ» газетінің үндеуі бойынша майдандағы тыл жұмысында жүрген қазақтарға көмектесу үшін Орынборға келеді. Орынбордан Ахмет Байтұрсыновтың нұсқауымен Мәскеудегі Әлихан Бөкейхановқа жолығады. Мырзағазы ел азаматтарымен бірге қара жұмысқа алынып, Батыс майданда қара жұмыс істегендердің ортасында жүріп, ұйым құрып, үкімет арқылы олардың тұрмыстық жағдайын жеңілдетуге бар күшін салды. Мырзағазы Есполов Әлихан Бөкейхановпен бірге 1916 жылдың 23 желтоқсанынан 1917 жылдың 12 қаңтары аралығында Минскі маңындағы Батыс майдандағы Земгордың қол астындағы тыл жұмысындағы қазақтарды аралап, олардың жағдайларымен танысып, үкімет тарапынан берілетін жеңілдіктердің орындалу-орындалмауын қадағалады. Сонымен қатар, М. Есполов Минскідегі жұмысшы қазақтардың жағдайын зерттеуге тапсырма алады. Зерттеудің негізінде баяндама дайындап комитетке ұсынады. Басты талаптарының бірі – орыс бөлімі сияқты комитеттің жанынан қазақ жұмысшылары бөлімін ашуды ұсынады. 1917 жылы 5 ақпанда Минскідегі «Земство және қала одақтары» жанында өзара жұмысқа алынғандарға көмек көрсететін «бұратаналар бөлімі» ашылды. Алғашында Минскідегі бұратана бөлімінің басшысы Әлихан Бөкейхановтың орынбасары қызметін атқарса, кейіннен Киевте ашылған бұратана бөлімінің басқарушысы болады [12, 199-200 бб.].

Нәтижелер. Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлттық баспасөзінің жетекші басылымдарының бірі – «Қазақ» газетімен тығыз байланысты. Ол өз мақалаларын бұл басылымда 1915-1917 жж. аралығында жариялай бастады. Есполовтың газет беттерінде көрінуі оның қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуымен сәйкес келді. «Қазақ» газеті Есполов үшін тек ақпарат тарату алаңы ғана емес, сонымен қатар ұлттық мүддені қорғау, ағартушылық идеяларды насихаттау және әлеуметтік мәселелерді ашық көтеру мүмкіндігін берген маңызды мінбер қызметін атқарды. Оның мақалаларында жер мәселесі, білім беру ісі, әлеуметтік теңсіздік, сондай-ақ соғыс жағдайындағы тыл жұмысына алынған қазақ жігіттерінің ахуалы сияқты өзекті тақырыптар қамтылып, автордың азаматтық позициясы айқын көрініс тапты.

«Қазақ» газетінің №114-де (1915 ж. 28 наурыз) жарияланған «Жер туралы» мақаласында Мырзағазы Есполов ХХ ғасыр басындағы қазақ даласындағы жер қатынастарының күрделі әрі қайшылықты сипатын нақты аймақтық деректер негізінде ашады [13, 158 б.]. Автор Торғай облысы Қостанай уезіндегі Дамбар болысында жүргізілген жер өлшеу және қоныстандыру шараларының қазақ ауылдарына тигізген әлеуметтік салдарын көрсетеді. Мақалада әкімшілік өкілдерінің уәделері мен нақты іс-әрекеттері арасындағы сәйкессіздік, жергілікті халықтың құқықтық тұрғыдан қорғалмауы және жерден ығыстырылу үдерісі сын тұрғысынан баяндалады. Есполов 33 үйдің жағдайын мысалға ала отырып, отарлық басқару жүйесінің қазақ қауымын тығырыққа тірегенін көрсетеді: бір жағынан бұрынғы ауылынан шығарылып, екінші жағынан қоныс аударатын жерден айырылған қазақтардың әлеуметтік бейберекет күйі айқын суреттеледі. Осы арқылы Есполов жер мәселесін жеке оқиға шеңберінде емес, жалпыұлттық деңгейдегі өзекті проблема ретінде көтеріп, «Қазақ» газеті арқылы қоғамдық пікір мен заңдық кеңеске жүгінеді.

«Қазақ» газетінің №141-де (1915 ж. 15 шілде) шыққан «Үлгі алатын іс» мақаласында Мырзағазы Есполов ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ағарту ісінің өзекті мәселелерін нақты аймақтық мысал арқылы көтереді. Автор Қостанай уезіндегі реалдық училищеді қазақ балаларын оқытуға бағытталған қаржылық қолдау бастамасының қалай пайда болып, кейін жергілікті билік пен ішкі тартыстар салдарынан тоқырауға ұшырағанын көрсетеді. Мақалада игі ниетпен басталған қоғамдық істің тұрақты түрде жүзеге асуы үшін тек әкімшілік

рұқсаттың ғана емес, сонымен қатар ел ішіндегі ынтымақ пен жауапкершіліктің маңыздылығы айқындалады. Автор оқу-ағарту ісіне бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылмауы мен басқару жүйесіндегі олқылықтарды сынға ала отырып, білім беру мәселесін ұлттық мүдде деңгейінде қарастырады. Есполовтың ойынша, мұндай игі бастамалардың сәтті жүзеге асуы халықтың өзара келісімі мен азаматтық сергектігіне тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «Үлгі алатын іс» мақаласы Мырзағазы Есполов публицистикасындағы ағартушылық бағыттың айқын көрінісі болып табылады [13, 347-348 бб.].

«Қоян» мақаласында («Қазақ» газеті. №162. 1915 ж. 23 желтоқсан) Мырзағазы Есполов Қостанай уезіндегі табиғи-климаттық қолайсыздықтардың ауыл шаруашылығына және қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайына тигізген салдарын талдайды. Автор ауа райының күрт өзгеруі, жаңбыр мен аяздың алмасуы нәтижесінде пайда болған көк мұздың мал шаруашылығына, әсіресе жылқы өсіруге әкелген зардаптарын нақты деректер арқылы сипаттайды. Табиғи апаттың салдарынан егін мен шөптің дұрыс жиналмай қалуы шаруалардың экономикалық жағдайын әлсіреткені көрсетіледі. Тілші өткен жылдардағы жұттармен (1880, 1892 жж.) салыстыру арқылы қазіргі жағдайдың қауіпті сипатын айқындайды және оның ықтимал әлеуметтік салдарларына назар аударады. Қазақ шаруашылығының шөпке тәуелділігі, ал көрші қоныстанушылардың экономикалық артықшылықтары салыстырмалы түрде көрсетіліп, әлеуметтік теңсіздік мәселесі астарлы түрде көтеріледі [13, 501-502 бб.].

«Қоян» мақаласының тағы бір маңызды ерекшелігі – бұл еңбекте Мырзағазы Есполовтың «М.Шағырша» бүркеншік атын қолдануы. Ол өз мақалаларын кейде бүркеншік аттармен, кейде өз атымен жариялағанын атап өткен жөн. Бүркеншік аттарды қолдану қазақ зиялыларына тән дәстүрлі мәдени-интеллектуалдық тәжірибемен тікелей байланысты еді. XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзінде авторлар саяси-әлеуметтік себептерге, цензуралық шектеулерге байланысты және жеке әрі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бүркеншік аттарды жиі пайдаланған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Шағырша» псевдонимі Мырзағазы Есполовқа тиесілі. Бұл бүркеншік аттың қолданылғанын дәлелдейтін ресми құжаттарда тікелей көрсетілімдер сақталмағанымен, алайда талдау нәтижесінде бұл есімнің дәл Мырзағазы Есполовқа тиесілі екені жөнінде негізделген ғылыми болжам жасауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, биографиялық фактор назар аударады: Есполов әулетінің генеалогиялық тізбегі – Ақымбет – Өтей – Сұлтангелді – Шағырша – Мәтен – Торғай. Торғайдан Есполов мен Досполов тарайды [14, 211 б]. Мырзағазының кейбір еңбектерін «Шағырша» деп жариялауының сыры атасының атынан келіп шықса керек. Бұл XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары арасында әулеттік немесе туыстық есімдерді әдеби және публицистикалық псевдоним ретінде қолдану тәжірибесіне толық сәйкес келеді.

1916 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған Мырзағазы Есполовтың мақалаларына тоқталсақ, осы жылы 4 мақаласы жарияланды, олардың үшеуінде М.Шағырша бүркеншік аты қолданылған. 1916 ж. 17 мамыр №181-де жарық көрген «Қостанай уезінен (Жер мәселесі)» атты мақалада Мырзағазы Есполов қоныстандыру саясатының жергілікті қазақ қауымына тигізген әлеуметтік және құқықтық салдарын нақты фактілер арқылы талдайды [15, 230-231 бб.]. Автор 1913-1915 жылдары Құмақ болысында жүргізілген жер бөлу шараларының ресми уәделер мен шынайы нәтижелер арасындағы алшақтығын ашып көрсетеді. Жер өлшеу мен «қала болу» туралы насихаттың қазақ ауылдарына тиімді балама ұсына алмағаны, керісінше, оларды құқықтық тұрғыдан әлсіз әрі тәуелді жағдайға түсіргені мақалада айқын көрініс табады. Тілші ақсақалдар мен жергілікті әкімшілік арасындағы келіссөздерге, қабылданған қаулыларға (приговорларға) және қоныстандыру мекемелерінің шешімдеріне ерекше назар аудара отырып, қазақтардың жерге иелік ету құқығының жүйелі түрде шектелгенін көрсетеді. Қала болудан бас тартқан ауылдардың жерсіз қалу қаупі, арыз-шағымдардың жауапсыз қалуы отарлық басқару жүйесінің формалды сипатын әшкерелейді. Сонымен қатар мақалада «қала болу» ұғымының қазақ қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дайындалмаған жоба екені дәлелденеді. Автор жерден айырылу қаупі, салықтық

міндеттемелер және шаруашылықтың күйреуі сияқты салдарларды көрсету арқылы қоныстандыру саясатына сын көзқарас білдіреді.

«Қазақ» газетінің осы нөмірінде «Үлгілі мектеп» атты мақаласында Мырзағазы Есполов қазақ қоғамындағы ағарту ісінің нақты әрі табысты үлгісін сипаттайды [15, 232 б.]. Автор Қостанай уезі Жетіқара болысындағы Отарбай, Ахметжан және Сейітжан Қондыбай балалары салдырған мешіт-мектептің материалдық жағдайы, оқыту жүйесі және оқу-тәрбие үдерісін егжей-тегжейлі баяндай отырып, жеке азаматтардың бастамасымен іске асқан білім беру ісінің маңызын көрсетеді. Мектептің тұрақты жұмыс істеуі, мұғалімдерге жалақы төленуі және оқушылардың білім деңгейі мақалада оң үлгі ретінде ұсынылады. Тілші бұл оқу орнының қызметін жалпы қазақ қоғамындағы білім беру ісімен салыстыра отырып, ағартушылықтың ұлттық дамудағы шешуші рөлін айқындайды. Автор оқу ісінің ілгерілеуі тек мемлекеттік қолдауға емес, жергілікті ауқатты азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігі мен ел ішіндегі ынтымаққа да байланысты деген тұжырымға келеді.

1917 жылы газет «Қазақ» беттерінде жарияланған Мырзағазы Есполовтың мақалалары оның сол кезеңдегі қызметтік және қоғамдық іс-әрекетімен тікелей байланысты болды. Атап айтқанда, «Күнбатыс майданы» (1917 ж. №221), «Майданнан хат» (1917 ж. №230), «Жұмысшы-лар жайынан доклад» (1917 ж. №234), «Адасқан жігіттер» (1917 ж. №250) атты жарияланымдар автордың Земгор жанындағы бұратаналар бөліміндегі қызметі аясында жинақтаған нақты деректер мен бақылауларға негізделген [16]. Бұл мақалаларда тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттерінің әлеуметтік жағдайы, тұрмыс-тіршілігі, еңбек ету барысындағы қиындықтары және әкімшілік құрылымдармен қарым-қатынасы жан-жақты сипатталады. Ресми сипаттағы жарияланымдарымен қатар, 1917 жылы Мырзағазы Есполов «Қазақ» газеті беттерінде бұратана бөлімінің қызметі туралы жүйелі түрде мәлімет беріп отырды. Аталған кезеңдегі мақалалары белгілі бір дәрежеде аталған бөлімнің атқарған жұмысы жөніндегі жария сипаттағы есеп қызметін атқарып, оның негізгі бағыттары, өзекті мәселелері мен күн тәртібіндегі міндеттерін қамтыды.

Ақпан төңкерісінен кейін тыл жұмысына алынған жігіттерді елге қайтару кезінде де Мырзағазы Есполов елеулі еңбек атқарды. Уақытша үкіметтің қара жұмысқа алынғандарды қайтару туралы жарлығы үлкен қуанышты жаңалық еді. Майдандандағы жұмысшылар елге қайтуымен бұратаналар бөлімінің жұмысы тоқталып қалмады. Әлихан Бөкейханов Торғай облысы комиссары болып тағайындалып елге қайтқан соң, бөлімнің басшыларының бірі ретінде барлық жұмысты Мырзағазы Есполов өз қолына алды. Бұратаналар бөлімінің ендігі міндеті деп жазды Есполов: «1) былтырдан бері адасып жүргендерді, аурып қалғандарды іздеп қарастыру; 2) жұмыста жүріп қол аяқ көзден айрылып, кем кетік болып қалғандарға қазынадан жәрдем әперу шарасын табу» [16, 240 б.]. Өздеріне артта түрлі қалаларда ауруханаларда қалған, жоғалып кеткен жігіттерді іздеп тауып, қамқорлық жасап, елге жеткізуде барлық күш жігерлерін жұмсады. Осылайша, 1917 жылғы мақалалар Мырзағазы Есполовтың публицистикасы мен практикалық қызметінің өзара тығыз байланысын көрсететін маңызды дереккөздер қатарын құрайды.

Мырзағазы Есполовтың публицистикасындағы келесі маңызды кезең Ташкент қаласындағы қоғамдық-саяси қызметімен байланысты. Ташкент кезеңінің (1920-1924 жж.) публицистикасы оның мемлекеттік құрылымдардағы кәсіби қызметімен ерекшеленді, атап айтқанда Түркістан жер-су комиссариаты (Жер халкомы) жүйесіндегі және Түркістан Орталық Атқару Комитеті (ТүрОАК) құрамындағы қызметімен тығыз байланысты болды [17]. Осында ресми шығып тұрған «Ақжол», «Шолпан» газет-журналдарына еңбектерін жариялап тұрды. Есполов мақалаларының негізгі бағыты сол заманның негізгі өткір мәселесі болып табылатын жер, шаруашылық және отарлау саясатына байланысты болды. Осы кезеңдегі мақалаларында Мырзағазы Есполов жер мәселесін теориялық деңгейде ғана емес, нақты саяси-әкімшілік тәжірибе тұрғысынан талдауға ұмтылды. Оның еңбектерінде аграрлық саясаттың аймақтық ерекшеліктері, жерді қайта бөлу үдерісіндегі қайшылықтар, сондай-ақ жергілікті халықтың мүддесін қорғау мәселелері басым тақырыпқа айналды. Ташкент кезеңіндегі публицистикасында автордың талдамалық деңгейі тереңдеп, жер

мәселесі ұлттық мүдде мен мемлекеттік саясат тоғысындағы күрделі проблема ретінде қарастырылады. Осы кезеңдегі мақалалар «М.Шағырша» бүркеншік атпен жарық көрді.

«Ақ жол» газеті – ХХ ғасырдың 20-жылдарының басында Ташкент қаласында жарық көрген қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси басылым. Газет кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарында ұлттық зиялы қауым өкілдерінің пікір алмасу алаңы ретінде қызмет атқарып, жер мәселесі, аграрлық саясат, ағарту ісі және қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге қатысты өзекті мәселелерді көтерді. «Ақ жолға» әр кезеңде С. Қожанов, Қ. Құлетов, С. Оспанов, И. Тоқтыбаев, Н.Төреқұлов, Т. Байқасқаұлы, М. Қайыпназар сынды Алаш азаматтары басшылық жасайды. Алғашқы редакторы Сұлтанбек Қожанов болды [7, 70-71 бб.].

1921 жылғы сәуір айында шыққан «Ақ жол» газетінің № 50 санында М. Шағырша псевдонимімен ТүрОАК мәжілісіне және Түркістандағы жер-су мәселесін шешудегі кеңес өкіметінің мақсаттарына арналған «Түркістанда кеңесшіл хукіметтің мақсаты» атты мақала жарияланды [18, 130-133 бб.].

Мақалада автор Түркістан Республикасындағы жер-су мәселесін кеңестік биліктің стратегиялық міндеттерінің бірі ретінде қарастырып, аграрлық реформаның мақсаттары мен жүзеге асырылу тетіктерін жүйелі түрде баяндайды. Есполов ең алдымен Түркістан Республи-касының ІХ кеңестер съезінен кейін қабылданған қаулыларға сүйене отырып, жер-су мәселесін шешудің саяси-құқықтық негізін көрсетеді. Мақалада нақты даталар, қаулы нөмірлері, әкім-шілік құрылымдар мен жауапты мекемелер аталып, баяндау ресми-талдамалық сипат алады. Бұл Есполов публицистикасының осы кезеңде ақпараттық сипаттан аналитикалық деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Автор жер реформасын кездейсоқ немесе уақытша шара ретінде емес, патша үкіметінің отаршылдық саясаты салдарын «тамырымен жоюға» бағытталған жүйелі саяси бағдар ретінде ұсынады. Мақаланың негізгі идеялық өзегі – жергілікті еңбекші халықты, әсіресе қазақ-қырғыз кедейлерін жер-су ресурстарын пайдалану құқығы тұрғысынан әлеуметтік теңдікке жеткізу. Автор 1916 жылдан кейінгі демографиялық, әлеуметтік күйзеліс-терді атап өтіп, жерінен айырылған жергілікті халықты тарихи мекендеріне қайтару қажеттігін әділеттілік принципімен негіздейді. Бұл тұста Есполов кеңестік риториканы пайдалана отырып, ұлттық мүддені әлеуметтік-таптық ұғымдар арқылы қорғауға ұмтылады.

Жарияланымда қоныстанушылар мәселесіне де ерекше назар аударылады. Автор патша заманында іштен қоныс аударылған келімсектердің артық жерін қайтарып, оларға тек «еңбек мөлшерімен» жер қалдыру қағидатын алға тартады. Бұл ұстаным арқылы жерге меншік құқығы еңбекпен тікелей байланыстырылып, «жуан жұдырықтар» мен еңбекші кедейлер арасындағы әлеуметтік жіктеліс айқындалады. Мұндай тәсіл Есполовтың аграрлық саясатты әлеуметтік әділеттілік өлшемімен бағалағанын көрсетеді. Сонымен қатар мақалада жер реформасын жүзеге асырудың нақты аймақтары, көлемі және болжамды нәтижелері сандық деректер арқылы көрсетіледі. Жетісу, Сырдария және Ферғана облыстарындағы уездер, қоныстанушы ауылдардың саны мен жер көлемі нақты есептермен беріледі. Бұл деректер публицистикалық мәтінді маңызды статистикалық дереккөз деңгейіне көтереді және оны ХХ ғасыр басындағы Түркістан өңірінің аграрлық саясатын зерттеуде маңызды материал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Мақаланың маңызды қырларының бірі – жер мен судың ажырамас біртұтас мәселе ретінде қарастырылуы. Автор сусыз жердің шаруашылық тұрғыдан құнсыз екенін атап өтіп, жер реформасымен қатар су пайдалану жүйесін реттеудің қажеттігін көрсетеді. Қорытындысында автор жер реформасының әлеуметтік-саяси маңызын көрсетіп, оны жергілікті халықты қоныстанушылармен нақты, практикалық деңгейде теңестіру құралы ретінде бағалайды.

Мырзағазы Есполов тілші ретінде «Шолпан» журналына да жәрдемдесті. Шолпан журналы – Ташкентте 1922 жылдың қазан айынан 1923 жылдың маусымына дейін жарық көріп тұрған саясат, шаруашылық, білім-әдебиет туралы айына бір рет шығатын басылым [2, 35 б.]. Бар болғаны 8 ғана саны жарық көрген журналдың көтерген жүгі ауыр. Халықтың мұң мұқтажын сөз еткен сол кез үшін ең зәру мәселелер қозғалған. Бас редакторы – Иса Тоқтабаев. Журнал маңына Алаштың ұлтжанды азаматтары, қоғам қайраткерлері

шоғырланған. Олар: Нәзір Төрекұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Әбубәкір Диваев, Мырзағазы Есполов және тағы басқалар. Журнал араб қаріпімен басылған.

1922 жылғы қазан айындағы «Шолпан» журналының «Шаруашылық» бөлімінде Мырзағазы Есполовтың «Түркістанда мал шаруашылығының осы күнгі жайы һәм оның ілгері басуы турасында» атты мақаласы М. Шағырша бүркеншік атпен жарияланды [19, 37-42 бб.]. Мақалада Түркістан өңіріндегі мал шаруашылығының сол кезеңдегі нақты ахуалы, оның құлдырау себептері мен салдары, сондай-ақ бұл саланы қалпына келтіру және дамыту жолдары кең ауқымда талданады. Автор ең алдымен мал шаруашылығын Түркістандағы қазақ халқының дәстүрлі тіршілік негізі ретінде қарастырады. Ол жергілікті халықтың экономикалық өмірі мен әлеуметтік тұрақтылығы тікелей мал шаруашылығымен байланысты екенін атап өтіп, бұл саланың әлсіреуі жалпы өңірлік дағдарысқа алып келгенін көрсетеді.

Мақалада мал санының азаюы нақты статистикалық деректер арқылы дәлелденеді. Автор облыстар бойынша мал түрлерінің (ірі қара, жылқы, қой-ешкі, түйе) азаю динамикасын кестелер арқылы көрсетіп, жұт, соғыс, отаршылдық саясат және қоныс аудару үдерістерінің салдарын сандық деректермен негіздейді. Бұл тәсіл жарияланымның деректік құндылығын арттырып, оны публицистикалық мәтінмен қатар тарихи-экономикалық дерек көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Есполов мал шаруашылығының күйреуін табиғи факторлармен ғана байланыстырмайды. Ол патша үкіметінің отаршылдық саясаты, жерді әділетсіз бөлу, келімсектерді шұрайлы аймақтарға орналастыру, қазақ халқының дәстүрлі жайылымдық жерлерден ығыстырылуы сияқты құрылымдық себептерге ерекше назар аударады. Автор бұл саясаттың нәтижесінде жергілікті халықтың тіршілік кеңістігі тарылып, мал бағу мүмкіндігі күрт шектелгенін көрсетеді.

Мақаланың маңызды қырларының бірі – мал шаруашылығы мен жер мәселесінің өзара тығыз байланыста қарастырылуы. Есполовтың пайымдауынша, мал шаруашылығын дамыту үшін ең алдымен жер-су қатынастарын реттеу қажет. Ол жайылым, шабындық және су көздерін тиімді пайдалану мәселесін көтеріп, жерді шаруашылықтың нақты түріне сәйкес бөлудің маңызын атап өтеді. Бұл автордың мәселені тек салалық емес, кешенді түрде қарастырғанын аңғартады. Сонымен қатар Есполов мал шаруашылығын жетілдіру жолында ғылыми және тәжірибелік шараларды ұсынады. Ол мал тұқымын асылдандыру, аурулармен күресу, шөп қорын алдын ала дайындау, халықты ветеринарлық және шаруашылық біліммен қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді. Мақалада кеңестік биліктің жаңа экономикалық саясат аясындағы міндеттері де сыни тұрғыда бағаланады. Автор үкіметтің мал шаруашылығына қатысты салық саясатын жеңілдету, жергілікті халықты қолдау, бұрынғы қателіктерді түзету қажеттігін ашық жазады. Сандық көрсеткіштердің жүйелі қолданылуы жарияланымға публицистика шеңберінен шығып, ғылыми зерттеу сипатын береді. Аталған мақаланың жалғасы 1922 жылғы қараша-желтоқсан айларындағы журналдың 2-3 сандарында жарияланды, бұл оның өзектілігі мен маңыздылығын көрсетеді [19, 133-138 бб.].

1923 жылы «Шолпан» журналының шаруашылық бөлімінде Мырзағазы Есполовтың «Шағырша» псевдонимімен жазылған «Түркістанда жер мәселесі қайдан шықты?» [20, 44-47 бб.] және «Түркістанда жер алынудың қысқаша тарихы» атты мақалалары жарияланды [20, 315-329 бб.]. Бұл жарияланымдарда автор Түркістандағы жер мәселесінің генезисін ашып, жерді тартып алу тарихын кезең-кезеңімен талдап, аграрлық өзгерістерді кең тарихи және әлеуметтік-экономикалық контексте қарастырады.

«Түркістанда жер мәселесі қайдан шықты?» мақаласында М. Есполов Түркістандағы жер дауының пайда болу себептерін кездейсоқ немесе жекелеген әкімшілік шешімдердің салдары ретінде емес, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан отаршылдық саясаттың нәтижесі ретінде түсіндіреді. Автор мақаланың басында Түркістан халқының тіршілік негізі ауыл шаруашылығы екенін атап көрсетіп, оның басты салалары – егіншілік пен мал шаруашылығы екенін айқындайды. Осы арқылы Есполов жер мәселесін экономикалық өндіріс жүйесімен тікелей байланыстырады. Ол Түркістанның табиғи-климаттық ерекшеліктерін талдай отырып,

өңірдің ауыл шаруашылығы үшін зор әлеуетке ие екенін, алайда бұл мүмкіндіктің толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. Мақалада Түркістан жерінің көлемі мен сапалық құрылымы нақты сандық деректер арқылы сипатталады. Автор өңірдегі жарамды және жарамсыз жерлерді, суармалы егіншілікке қолайлы аймақтарды, жайылымдық жерлердің көлемін жеке-жеке талдайды. Бұл деректер публицистикалық баяндауды статистикалық негізбен күшейтіп, мәтінді деректік тұрғыдан құнды етеді. Есполовтың есептеулеріне сүйенсек, Түркістан жерінің едәуір бөлігі ауыл шаруашылығына жарамды болғанымен, оны тиімді пайдалану отаршылдық саясат салдарынан мүмкін болмаған.

Мақаланың маңызды идеялық қырларының бірі – кеңестік билікке артылған үміт. Автор Қазан төңкерісінен кейін жер мәселесін әділ шешуге мүмкіндік туғанын атап өтіп, кеңес өкіметі бұл түйінді сөз жүзінде емес, іс жүзінде шешуі тиіс деген ойды алға тартады. Бұл тұста Есполов кеңестік идеологиялық тіл шеңберінде сөйлей отырып, жергілікті халықтың мүддесін қорғауды басты мақсат ретінде ұсынады. Сонымен қатар автор жер мәселесін шешудің алғышарттарын да айқындайды. Ол Түркістандағы жердің нақты көлемін, халықтың саны мен шаруашылық түрлерін есепке ала отырып, ғылыми негізделген жер саясатын жүргізу қажеттігін көрсетеді. Жер реформасы халықты шаруашылық тұрғысынан орнықтыруға, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс деген тұжырым жасайды.

Зерттеу барысында Мырзағазы Есполовтың мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалары анықталып, тақырыптық және хронологиялық тұрғыдан жүйеленіп, 1-кестеде ұсынылды.

1 кесте – Мырзағазы Есполовтың мақалалары

Басылым	Мақала атауы	Жарияланған жылы/ нөмірі	Авторлығы (өз аты/ бүркеншік аты)
Мусульманская газета	Вопль в киргизской степи	1914 ж. №2	Степняк
Қазақ газеті	Жер туралы	1915 ж. №114	М. Есполұғлы
	Үлгі алатын іс	1915 ж. №141	М. Есполұғлы
	Қоян	1915 ж. №162	М. Шағырша
	Қостанай уезінен (жер мәселесі)	1916 ж. №181	М. Шағырша
	Үлгілі мектеп	1916 ж. №181	Мырзағазы
	Аманқарағай болысында	1916 ж. №208	М. Шағырша
	Арзан қаракөл	1916 ж. №211	М. Шағырша
	Күнбатыс майданынан	1917 ж. №212	Әлихан, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен
	Күнбатыс майданынан	1917 ж. №215	Әлихан, Мырзағазы, Тел
	Күнбатыс майданы	1917 ж. №216	Әлихан, Мырзағазы
	Күнбатыс майданынан	1917 ж. №217	Әлихан, Мырзағазы
	Минск – II/7	1917 ж. №218	Мырзағазы
	Доклад	1917 ж. №220	Әлихан, Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен
	Жігіттердің жұмыс істеулері.	1917 ж. №221	Мырзағазы
	Жәрдем жию керек. Минск.	1917 ж. №222	Әлихан, Әбубәкір, Ажар, Гиса, Міржақып, Мырзағазы
Минск – III/15	1917 ж. №223	Әлихан, Міржақып, Мұса, Шаһмардан, Мырзағазы, Хасен, Шапағат, Сұлтанбек,	

			Иса, Мұхаметқызы, Хайыруддин, Райымбек, Нәзір, Тел
	Земгор қарамағындағы жігіттер есебі	1917 ж. №225	Мырзағазы Есболов
	Минск – IV/12	1917 ж. №226	Есполов
	Псков – IV/26	1917 ж. №228	Мырзағазы
	Майданнан хат	1917 ж. №230	Елдес, Мырзағазы
	Минск	1917 ж. №231	Мырзағазы
	Бұратана бөлімінің қызметі	1917 ж. №232	Мырзағазы
	Жұмысшылар жайынан доклад	1917 ж. №234	Мырзағазы
	Адасқан жігіттер	1917 ж. №250	Мырзағазы Есполов
Ақ жол газеті	Түркістанда кеңесшіл хүкіметтің мақсаты	1921 ж. сәуір №50	М. Шағырша
	«Ақ жол» басқармасынан	1925 ж. №530	Мырзағазы
Шолпан журналы	Түркістанда мал шаруашылығының осы күнгі жайы һәм оның ілгері басуы турасында	1922 ж. қазан	М. Шағырша
	Түркістанда жер мәселесі қайдан шықты?	1923 ж.	М. Шағырша
	Түркістанда жер алынудың қысқаша тарихы	1923 ж.	М. Шағырша

Мырзағазы Есполов публицистикалық қызметімен қатар аудармашылық қызметпен де айналысқан. 1925 жылы «Ақ жол» газетінің №530 санында жарияланған «Ақ жол басқармасынан» атты мақаласында ол неміс ғалымы Вагнердің «Су хақындағы әңгімелер» атты еңбегінің өз аудармасына қатысты айтылған сын-пікірлерге жауап береді [21, 102-104 бб.]. «Ақ жол» газетінің бетінде жарық көрген бұл мәтін Мырзағазы Есполовтың тек публицист әрі аудармашы ретінде ғана емес, сонымен қатар ғылыми-сыни пікірталасқа ашық автор ретіндегі болмысын айқын көрсетеді. Жауап мақала «Сана» журналында жарияланған «Арқа» атты автордың сыни мақаласына арналған және аударма еңбектің сапасы, редакциялық жауапкершілік, сын мәдениеті мәселелерін қамтиды.

Есполов ең алдымен әдеби сынның маңызын теріске шығармай, керісінше оны әдеби үдерістің ажырамас бөлігі ретінде мойындайды. Ол сынның «әдебиеттің кем-кетігін көрсететін» қажетті құрал екенін атап өтіп, сын айтушының негізгі тұжырымдарымен ішінара келісетінін білдіреді. Бұл ұстаным оның өз еңбегіне қатысты кері пікірден қашпайтынын, сыннан қорытынды шығара білетін интеллектуалдық жауапкершілігін көрсетеді. Сонымен қатар автор сынның әділдік шегінен аспауына назар аударады. Ол кітаптағы барлық кемшілікті тікелей аудармашының мойнына жүктеуді орынсыз деп есептеп, баспа ісіндегі техникалық және редакциялық қателерге арнайы тоқталады. Есполов баспаханаларда жұмыс істеген әріп түзушілердің қазақ тілін толық меңгермеуінен туындайтын бұрмалауларды нақты мысалдар арқылы көрсетіп, аударма мен баспа арасындағы жауапкершілікті жіктейді. Бұл пікірлер оның баспа мәдениеті мен мәтін тағдырына кәсіби көзқараспен қарағанын аңғартады.

Жауап мақаланың тағы бір маңызды қыры – терминология мен атаулар мәселесіне қатысты ұстанымы. Автор аудармада қолданылған ғылыми атаулардың өздігінен ойлап табылмағанын, бұрын жарық көрген еңбектердегі (әсіресе Қазақ-қырғыз білім комиссиясы бекіткен) терминдерге сүйеніп алынғанын дәлелдейді. Осы арқылы Есполов аудармашының еркіндігі шексіз емес екенін, ғылыми бірізділік пен ортақ норманы сақтау қажеттігін алға тартады. Мәтіннің жалпы мазмұны Есполовтың кері байланыстан қашпағанын, өз еңбектерін

жария сын кеңістігінде қорғауға дайын болғанын және пікірталасты мәдени, дәлелді деңгейде жүргізгенін көрсетеді. Ол өзін мінсіз автор ретінде емес, ғылыми-әдеби үдерістің бір қатысушысы ретінде танытып, сын мен жауап арқылы сапаны арттыруға ұмтылады. Бұл ерекшелік Мырзағазы Есполов публицистикасының интеллектуалдық деңгейін ғана емес, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ зиялыларына тән ашық пікір алмасу дәстүрін де айқындайды. Мақалада Мырзағазы Есполовтың аударма қызметіне қатысты деректердің кездесуі осы бағыттағы еңбектерін жүйелеу қажеттігін көрсетті. Осыған байланысты Есполовтың аудармаларын жеке бөліп көрсетуді жөн көрдік (2-кесте).

2 кесте – Мырзағазы Есполовтың аудармалары

Түпнұсқа	Автор	Аударылған жылы	Қазақша атауы
Рассказы о воде	Ю. Вагнер	1924 ж.	Су хақындағы әңгімелер
Как жили люди в старину	Д. Кудрявский	1924 ж.	Арғы мәдениет
Курс начальной географии	Г. Иванов	1926 ж.	Бастауыш география дәрістігі
Вычеты и удержания из заработной платы рабочих и служащих	авторсыз	1927 ж.	Жұмыскерлер мен қызметкерлердің алатын жал ақысынан берімсілердің жаңа ұстап қалу туралы

Қорытынды. Мақалада Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі ХХ ғасыр басындағы қазақ ұлттық баспасөзінің қалыптасу және даму үдерістері аясында кешенді түрде талданды. Зерттеу барысында төмендегідей негізгі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Мырзағазы Есполовтың газет-журналдарда жарияланған мақалалары анықталып, олардың жарияланған орындары мен уақыттары негізінде публицистикалық қызметінің негізгі кезеңдері жүйеленді;

2. «Қазақ» газеті беттерінде (1915-1917 жж.) жарияланған мақалаларының мазмұнын талдау арқылы М. Есполов публицистикасының негізгі тақырыптық бағыттары айқындалды. Бұл жарияланымдарда жер мәселесі, ағарту ісі, әлеуметтік теңсіздік, сондай-ақ Бірінші дүние-жүзілік соғыс жылдарындағы қазақ жұмысшыларының жағдайы кеңінен көтерілгені анықталды;

3. Мырзағазы Есполовтың публицистикалық қызметі оның қоғамдық-саяси және қызметтік тәжірибесімен тығыз байланыста қалыптасқаны көрсетілді. Атап айтқанда, 1917 жылғы мақалалары Земгор жанындағы бұратана бөліміндегі қызметімен сабақтасып, тыл жұмыстарына алынған қазақ жігіттерінің жағдайын сипаттайтын маңызды дерек көзі ретінде қарастырылды;

4. Ташкент кезеңіндегі (1920-1924 жж.) «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналында жарияланған мақалалары негізінде Есполов публицистикасының жаңа кезеңі анықталды. Бұл кезеңде оның еңбектерінде аграрлық саясат, жер-су мәселесі және мал шаруашылығының дамуы сияқты мәселелерге арналған талдамалық сипаттың күшейгені байқалды;

5. Зерттеу барысында Мырзағазы Есполовтың кейбір мақалаларының бүркеншік атпен жарияланғаны анықталды;

6. Мырзағазы Есполовтың публицистикалық мұрасы ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістерін зерттеуде маңызды деректік база ретінде қарастырылатыны айқындалды.

Осылайша, Мырзағазы Есполовтың публицистикасы оның қоғамдық-саяси қызметінің маңызды құрамдас бөлігі екендігі зерделеніп, ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді түсіндіруде және ұлттық қоғамдық ойды қалыптастыруда маңызды рөл

атқарғаны анықталды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері Мырзағазы Есполов публицистикасының отандық тарихнамада әлі күнге дейін дербес ғылыми зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырылмағанын көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, оның публицистикалық мұрасы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси және экономикалық үдерістерін зерделеуде маңызды деректік әрі ғылыми әлеуетке ие. Есполов еңбектерін кешенді түрде зерттеу ұлттық баспасөз тарихын тереңірек түсінуге және Алаш зиялыларының қоғамдық қызметін жаңа қырынан бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж. Мырзағазы Есполов – Алаш қайраткері // «Edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. С. 815-829. (Қаз.). DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_815-829
2. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. – Алматы: Мектеп, 1950. – 38 б.
3. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы, 1964. – 276 б.
4. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б.
5. Субханбердина Ү. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998. – 556 б.
6. Омашев Н.О. Қазақ журналистикасы. 1 том: Қазақ Баспасөзі. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 352 б.
7. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 428 б.
8. Нұсқабайұлы Ж. Қазақ журналистикасының тарихы: (1870-2008 жылдар). – Алматы: Білім, 2018. – 400 б.
9. ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві), II-95-қор, I-тізім, III-іс, 2-п.
10. Мусульманская газета 1914 г. №2
11. «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» // «Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». В двух томах. Том первый: Тургайское дело. 1922-1926 гг. Сост.: М.К. Койгелдиев (ответ ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М.Мирзақұлова.– Алматы: ТОО «Издательство ЛЕМ», 2022. – 984 с.
12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: оқу құралы. – Алматы, «Санат». 1995. – 368 б.
13. «Қазақ» газеті. 1915 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.М. Абиқова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. – 528 б.
14. Булатова Д. Есполов. 90 лет спустя: Забытая глава Алаш-Орды. – Алматы: Үміт, 2013. – 232 с.
15. «Қазақ» газеті. 1916 жыл / Құраст.: Ф. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 624 б.
16. «Қазақ» газеті. 1917 жыл / Құраст.: Ф. Әнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 568 б.
17. ӨР ОМА (Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві). 86-қор, I-тізім, 796-іс, I-10 пп.
18. Ақ жол (газеті). 3 том. / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 384 б.
19. Алаш көсемсөзі. 1 том. Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 352 б.
20. Алаш көсемсөзі. 2 том. Шолпан. – Алматы: Өнер, 2010. – 360 б.
21. Ақ жол (газеті). 21 том. / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 384 б.

References:

1. Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh. Myrzagazy Espolov – Alash qajratkeri [Myrzagazy Espolov – activist Alash]// Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 815-829. (In Kaz.). DOI: https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_815-829 [in Kazakh].
2. Kenzhebaev B. Qazaq baspasozinin tarihyinan [From the history of the Kazakh press]. – Almaty: Mektep, 1950. – 38 p. [in Kazakh].
3. Bekhozhin H. Qazaq baspasozinin damu zholdary (1860-1930 zhyldar) [Ways of development of the Kazakh press (1860-1930)]. Almaty, 1964. – 276 p. [in Kazakh].
4. Atabaev Q. Qazaq baspasozini Qazaqstan tarihyynyn derek kozi (1870-1918) [Kazakh Press source of the history of Kazakhstan (1870-1918)]. Almaty: Qazaq universiteti, 2000. – 358 p. [in Kazakh].
5. Subhanberdina Y. «Qazaq» gazeti [«Kazakh» newspaper]. Almaty: «Qazaq enciklopediyasy» bas redakciyasy, 1998. – 556 p. [in Kazakh].
6. Omashev N.O. Qazaq zhurnalistikasy. 1 tom: Qazaq Baspasozini [Kazakh journalism. Volume 1: Kazakh Press]. Almaty: «Tajmas» baspa uji, 2008. – 352 p. [in Kazakh].
7. Smagulova S. Qazaq merzimdi baspasozini: shygu tarihy men derektik manyzy (XX g. 20-30 zhzh.) [Kazakh Periodical Press: history of origin and source significance (20-30 years of the XX century)]. Almaty: Eltanym, 2011. – 428 p. [in Kazakh].
8. Nusqabajuly Zh. Qazaq zhurnalistikasynyn tarihy: (1870-2008 zhyldar) [History of Kazakh journalism: (1870-2008)]. Almaty: Bilim, 2018. – 400 p. [in Kazakh].
9. QR OMA (Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi). II-95-q, 1-t, 111-is, 2-p.
10. Musul'manskaya gazeta 1914 g. №2. [in Russian]
11. Alash isi. 1920-1930 zhzh. OGPU zhurgizgen zhasandy tergeu isinin quzhattary men materialdary // Alashskoe delo 1920-1930 gg. Dokumenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPU. Tom pervyi: Turgaiskoe delo. 1922-1926 gg. [The Alash affair of 1920-1930 Documents and materials of the investigative case fabricated by the OGPU. Volume one: The Turgai affair. 1922-1926]. Sost.: M.K. Koigeldiev, Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakulova. Almaty: LEM Publ., 2022. – 984 p. [in Russian /in Kazakh]
12. Qoigeldiev M. Alash gozgalysy: oqy quraly [Alash movement]. Almaty, «Sanat». 1995. – 368 p. [in Kazakh].
13. «Qazaq» gazeti. 1915 zhyl [«Kazakh» newspaper. 1915] / Qurast.: S.O. Smagulova, G.M. Abikova. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2017. – 528 p. [in Kazakh].
14. Bulatova D. Espolov. 90 let spustia: Zabytaia glava Alash-Ordya [Espolov. 90 years later: The Forgotten Head of the Alash Horde]. Almaty: Umit. 2013. – 232 p. [in Russian]
15. «Qazaq» gazeti. 1916 zhyl [«Kazakh» newspaper. 1916] / Qurast.: G. Anes, T. Zamzaeva. – Almaty: «Alashorda» qogamdyq qory, 2023. – 624 p. [in Kazakh].
16. «Qazaq» gazeti. 1917 zhyl [«Kazakh» newspaper. 1917] / Qurast.: G. Anes, T. Zamzaeva. – Almaty: «Alashorda» qogamdyq qory, 2023. – 568 p. [in Kazakh].
17. OR OMA (Ozbekstan Respublikasynyn Ortalyq memlekettik arhivi). 86-q., 1-t., 796-is, 1-10 pp.
18. Aq zhol (gazeti) [Ak Zhol (newspaper)]. 3 tom. / Qurast. H. Esenqaraqyzy. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – 384 p. [in Kazakh].
19. Alash kosemsozi. 1 tom. Sholpan [Alash leadersword. Volume 1. Sholpan]. Almaty: Oner, 2010. – 352 p. [in Kazakh].
20. Alash kosemsozi. 2 tom. Sholpan [Alash leadersword. Volume 2. Sholpan]. Almaty: Oner, 2010. – 360 p. [in Kazakh].
21. Aq zhol (gazeti) [Ak Zhol (newspaper)]. 21 tom. / Qurast. H. Esenqaraqyzy. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – 384 p. [in Kazakh].